



ӨНДІРІС

Жоспарлы алдын алу жұмыстары аяқталды

Атырау мұнай өңдеу зауытындағы қауіпсіз әрі тұрақты өндірістің кепілі болып табылатын кезекті жоспарлы алдын алу жұмыстары (ЖАЖ-2026) сәтті аяқталды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен кестеге сай, зауыттың техникалық тұтастығын нығайтуға бағытталған барлық шара толық көлемде орындалды. Жұмыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылуының арқасында күрделі жөндеу науқаны бекітілген мерзімнен бір жарым күн бұрын аяқталып, зауыт қондырғылары іске қосыла бастады.

Бұл ауқымды науқанның қалай өткені, қандай жұмыстардың атқарылғаны және алдағы кезеңге жасалған дайындық туралы ЖТҚЖ (жабдықтарды техникалық қызмет көрсету және жөндеу) жоспарлау жөніндегі бас маманы Нұрбек Алғазиевпен сұхбаттасып, басты нәтижелерді назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Биылғы ЖАЖ жоспары 100% орындалып қана қоймай, басты мақсатымызға қол жеткіздік. Жөндеу барысында еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікке қатысты бірде-бір келеңсіз оқиға тіркелген жоқ. Тәртіп пен қауіпсіздік біз үшін әрқашан бірінші орында, – дейді Нұрбек Алғазиев.

Жөндеу кезеңінде атқарылған техникалық жұмыстардың ауқымы өте зор. Атап айтқанда, қысыммен жұмыс істейтін 496 бірлік ыдыс пен аппаратқа техникалық куәландыру жүргізілді; 10 бірлік жабдыққа өндірістік қауіпсіздік сараптамасы жасалды; 43 технологиялық пешке ревизия жасалып, жөнделді; 8 810 бірлік құбыр желісі ревизиядан өткізілді.

Жөндеудің негізгі бөлігі зауыттың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін ең маңызды технологиялық қондырғыларға бағытталды. Олардың қатарында ЭЛТҚ-АВТ-3 (ЭЛОУ-АВТ-3), АТ-2, БДГ құрамдастырылған қондырғысы (КУГБД), сондай-ақ ССР, каталитикалық крекинг қондырғысы (УКК) және баяу кокстеу қондырғысы (УЗК) бар.

Жөндеу аясында құрылғыларды жаңарту және жаңғырту мақсатында бірқатар маңызды жұмыс атқарылды. ЭЛТҚ-АВТ-3, АТ-2 және баяу кокстеу қондырғыларындағы сорғы жабдықтары жаңасына ауыстырылды. ЭЛТҚ-АВТ-3 қондырғысында К-5 колоннасының ішкі құрылғылары, К-7 колоннасы, Е-31 сыйымдылығы және пласти-

налы жылу алмастырғыш (Е-031А-01) толығымен жаңартылды. Оған қоса, Су блогының градирняларына күрделі жөндеу жүргізілді.

– Бұл жұмыстар зауыт қондырғыларының сенімді, қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде, экологиялық талаптарды сақтауда маңызы өте зор, – деп түсіндірді бас маман.

Атқарылған жұмыстардың ауқымдылығын нақты материалдық көрсеткіштер мен адам ресурстары да айқын дәлелдейді. Күрделі жөндеу науқанының жалпы еңбек сыйымдылығы өндірістік жарақатсыз 335 172 адам-сағатты құрады. Осынау қысқа мерзім ішінде зауыт қондырғыларын жаңарту үшін шамамен 910 тонна металл конструкциясы мен материалдары пайдаланылып, жалпы көлемі 152 тонна құбыр өнімдері жаңасына ауыстырылды. Жөндеу жұмыстары кезінде өндіріс алаңында бір уақытта 1 700-ге жуық адам еңбек етті, олардың қатарында зауыттың жеке мамандарымен қатар отандық және шетелдік мердігер ұйымдардың өкілдері болды. Сонымен бірге жұмыс өнімділігін арттыру мақсатында 50-ден астам арнайы техника тартылды.

Жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау екі кезеңде жүргізілді. Жұмыс басталмас бұрын тауарлық-материалдық құндылықтар мен материалдардың құжаттарға сәйкестігі тексерілсе, жұмыс кезінде техникалық мамандар әрбір операцияны қатаң қадағалап отырды.

Зауыт қондырғыларын технологиялық режимге шығару жұмыстары бекітілген кестеге сай, кезең-кезеңімен сәтті жүргізілді. Осы ЖАЖ барысында атқарылған кешенді шаралар зауыттың келесі жоспарлы жөндеу кезеңіне дейін тұрақты, сенімді әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне толық мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік пен
кәсібилік үйлесімі



От стажера
до инноватора

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

Қауіпсіздік пен кәсібилік үйлесімі

Атырау мұнай өңдеу зауытында жоспарлы-алдын алу жұмыстары – кәсіпорынның техникалық тұтастығы мен қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін аса маңызды кезең. Осынау жауапты шақта зауыт қызметкерлерімен қатар, мердігер мекемелердің де қосар үлесі зор. Сондай сенімді серіктестердің бірі – «AVC PRODUCTION» ЖШС ұжымы жөндеу науқаны кезінде жоғары кәсібилік пен қауіпсіздік техникасын мүлтіксіз сақтаудың үздік үлгісін көрсетті.

Жақында зауыт аумағында өткен жөндеу жұмыстары барысында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін қатаң сақтап, өз міндеттерін асқан жауапкершілікпен атқарған «AVC PRODUCTION» компаниясының бір топ қызметкері арнайы алғыс хатпен марапатталып кәсіпорын атынан естелік сыйлықтар ұсынылды. Бұл үрдіс үшінші жыл қатарынан жалғасып, дәстүрге айналып келеді.

Марапаттау рәсімінде «АтырауМӨЗ» ЖШС Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс департаменті директорының міндетін атқарушы Арман ДИМУКАШЕВ сөз алып, марапат иелеріне шынайы алғысын жеткізді: «Біз үшін өндірістегі ең басты құндылық – адам өмірі мен оның денсаулығы. Сондықтан жоспарлы-алдын алу жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау біздің ең басты басымдығымыз болып қала береді. Бүгінгі марапат иелері өздерінің күнделікті



жұмысында жоғары кәсібилік танытып қана қоймай, зауыт аумағында қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосты. Осындай жауапкершілік пен қырағылық үшін баршаңызға алғыс айтамын», – деді ол.

Қауіпсіздік ережелерін белсенді түрде насихаттап, жұмысты сапалы орындағаны үшін келесі мамандар

алғыс хат алды: Тілегенов Миллат Русланұлы – су блогының ине сүзгілер операторы; Срымов Ғалымжан Байсалович – болт бекітушісі; Шакенов Мұрат Нұржанович – қазандық шебері; Сатыбаев Болат Кайрекешевич – қазандық монтаждаушысы; Ахметова Мариям Қожабековна – фельдшер; Изюмников Владимир Михайлович

– слесарь; Сүгірбеков Полат Джаксылыкович – монтаждаушы; Калдыбаев Женисхан Тургунович – монтаждаушы.

Бүгінгі марапат иелерінің жауапкершілігі өзге әріптестеріне үлгі болып, зауыттағы қауіпсіз еңбек мәдениетін одан әрі нығайтуға үлкен серпін берері сөзсіз.

ФОРМУЛА БЕЗОПАСНОСТИ

Опыт АНПЗ признан на международном форуме Petro HSE 2026

Безопасность труда на производстве – это не просто строгие инструкции, а общая культура, цифровая трансформация и ежедневный вклад каждого заводчанина. Ярким подтверждением этого стало успешное участие представителей ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» в III международном отраслевом форуме Petro HSE 2026, прошедшем в городе Атырау. Наша команда не только поделилась передовым опытом автоматизации процессов БиОТ, но и вошла в число лучших профессионалов отрасли уже второй год подряд.



Высокий статус и лидерские позиции нашего предприятия среди 3 НПЗ Казахстана подчеркнул доклад, с которым в качестве ключевого спикера на форуме выступил главный технический руководитель по безопасности и охране труда ТОО «АНПЗ» Арман Димукашев. Презентуя тему «Инструменты развития производственной безопасности», он подробно раскрыл профессиональному сообществу, как именно за последние годы изменились подходы на нашем заводе. Спикер представил участникам форума мас-

штабную эволюцию заводской системы БиОТ за последние 6 лет – от классического контроля до внедрения искусственного интеллекта и построения осознанной культуры безопасного труда.

Результаты системной работы предприятия говорят сами за себя: 2 063 дня без травм среди работников предприятия – именно столько завод работает в безопасном режиме; коэффициент происшествий с потерей трудоспособности за последние годы равен нулю; 100% технологических установок охвачено внутренними аудитами за 6 месяцев 2026 года, проведено 223 аудита, выявлено и устранено более 920 несоответствий.

Анализируя развитие культуры безопасного труда на предприятии, спикер подчеркнул, что сегодня завод уверенно движется от «независимого» уровня зрелости, когда правила соблюдаются лишь индивидуально, к высшему «взаимозависимому» этапу, где каждый работник чувствует личную ответственность за безопасность своего коллеги. Этому способствуют такие инструменты, как безусловное право остановки работ (Stop Work Authority), программа Near Miss, а также внедряемые проекты технология компьютерного зрения (Computer Vision) для фиксации нарушений применения СИЗ и система электронных нарядов-допусков (СЭНД) с ИИ ассистентом.

За каждым цифровым решением и внедренным стандартом стоят конкретные люди. Приятной и заслуженной новостью форума стало признание профессионализма ведущего инженера по безопасности и охране труда ТОО «АНПЗ» Кажмукана Балтабаева, который вошел в престижный топ-20 специалистов HSE отрасли.

Он стоял у истоков ключевых проектов, которые сегодня определяют высокий уровень безопасности на АНПЗ. Его профессиональный путь неразрывно



связан с цифровизацией процессов СБиОТ и развитием проактивной культуры безопасного труда. В частности, он разработал Правила по идентификации и учету потенциально опасных ситуаций (Near Miss), а также создал удобные электронные сервисы для их регистрации и учета. Эта автоматизация коснулась не только Сигнальных карт «Корғау», но и других важных процессов – от разработки внутренних стандартов и инструкций до организации мероприятий по повышению уровня культуры безопасности труда.

Благодаря интеграции принципа Blame-Free Culture – отсутствия наказания за сообщение об ошибке – сотрудники стали открыто говорить о существующих рисках, и только за 6 месяцев 2026 года было подано 356 сигнальных карт. Такой подход позволяет предотвращать происшествия на самой ранней стадии. Параллельно с развитием цифровой среды Кажмукан Балтабаев выступил одним из ключевых участников внедрения на АНПЗ системы LOTO (Lockout/Tagout). Он активно занимался разработкой процедур безопасной изоляции источников энергии и организацией процессов

контроля, что помогло свести к минимуму риски травмирования персонала во время ремонтных и технических работ. Таким образом, сочетание инновационных подходов и современных технологий в его работе помогает ежедневно сохранять жизнь и здоровье коллег.

Коллеги знают Кажмукана как инициативного, ориентированного на практический результат эксперта. Его успех в топ-20 – это общая гордость нашего предприятия.

Как отметил в своем докладе Арман Димукашев, производственная безопасность не бывает задачей только одной службы. В нее вовлечены абсолютно все: от генерального директора, демонстрирующего лидерство и приверженность вопросам безопасности, до оператора технологических установок, строго следующего правилам и инструкциям на своем рабочем месте.

Поздравляем команду СБиОТ завода и Кажмукана Балтабаева с высокой оценкой их труда. Только совместными усилиями и неравнодушием мы делаем наш завод местом, откуда каждый работник возвращается домой живым и здоровым.

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Жас мамандарды даярлаудың үздік тетіктері

Қазіргі уақытта Атырау мұнай өңдеу зауытында біліктілігі жоғары, өндіріс талаптарына сай келетін жас мамандарды даярлаудың екі бірдей тиімді тетігі жұмыс істейді. Бұл бағдарламалардың басты ерекшелігі – жастарға тек заманауи білім берумен шектелмей, олардың зауыт қабырғасында нақты тәжірибе жинақтауына және болашақта кепілді жұмыс орнымен қамтылуына жол ашуында.

Зауыт басшылығы мұнай өңдеу саласының болашағы тікелей білімді де жігерлі жастардың қолында екенін терең түсінеді. Сондықтан кәсіпорын өндіріс пен білім беру мекемелері арасындағы алтын көпірді нығайтуға баса назар аударып отыр.

ТӘЖІРИБЕЛІК ДАҒДЫ – ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Дуалды оқыту бағдарламасының басты мақсаты – теориялық білімі мен практикалық дағдылары өзара үйлескен, кәсіпорынның нақты сұранысына сай келетін білікті мамандар даярлау. Оқу үдерісінің ерекшелігі сонда – студенттер аптаның 2 күнінде оқу орнында теориялық білім алса, қалған 3 күнінде зауыттың тікелей өндіріс алаңдарында тәжірибеден өтеді.

Оқу орындарымен және студенттермен арнайы ұшжақты келісімшарттар жасалады. Осы бағдарлама аясында «Атырау МӨЗ» ЖШС Атыраудағы жетекші оқу орындарымен тығыз жұмыс істейді. Атап айтқанда, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі және «APEC PetroTechnic» жоғары колледжімен серіктестік орнатылған. Оқыту химиялық технология, мұнай-газ өңдеу, электроэнергетика, автоматизация және технологиялық процестерді басқару сияқты негізгі өндірістік бағыттар бойынша жүргізіледі.

Әр студентке зауыттың тәжірибелі қызметкерлері арасынан арнайы тәлімгерлер бекітіледі. Сонымен қатар, дуалды оқыту жүйесіндегі студенттерге қолдау ретінде ай сайын 1 төменгі жалақы көлемінде өтемақы төленіп тұрады. Зауыт деректеріне сүйенсек, бүгінде дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 20-дан астам түлек зауыттың түрлі өндірістік цехтары мен зертханаларына ресми түрде тұрақты жұмысқа орналасып, белсенді қызмет етуде. Алдағы тамыз-қыркүйек айларында бағдарлама аясында жаңа студенттерді қабылдаудың кезекті науқаны жоспарланып отыр.

«APEC PetroTechnic» жоғары колледжінің 4-курс студенті, «Электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша дуалды оқыту бағдарламасының қатысушысы **Мүтиғолла Әлихан** бұл жобаға қалай келгенін мақтаншып еңгімелейді:



– 2025 жылы 2-курсты аяқтаған соң, студенттердің орташа үлгерім көрсеткіші (GPA) есептеліп, жоғары нәтиже көрсеткендерді зауыттағы дуалды оқыту бағдарламасына қатысуға шақырды. Бірақ бағдарламаға бірден қабылданған жоқпыз, екі кезеңнен тұратын іріктеуден өттік. Алдымен арнайы тест тапсырып, кейін комиссия алдында сұхбат бердік. Тек осы сынақтардан сүрінбей өткендер ғана таңдалып алынды. Атырау мұнай өңдеу зауыты – еліміздегі ең ірі әрі заманауи кәсіпорындардың бірі, сондықтан мұнда тәжірибе жинақтау – мен үшін үлкен мүмкіндік. Электротехникалық зертханада біз тек құрғақ теориямен шектелмей, нақты практика жүзінде көп нәрсені үйрендік. Тәлімгерлеріміз бізге әрдайым қолдау көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Оқуды бітіргеннен кейін осы зауытта жұмыс істеу үлкен арманым. Тәжірибе барысында қиындықтар болғанымен, бұл менің маманыма деген қызығушылығымды одан әрі арттыра түсті десем болады, – дейді ол.

«ЖАС МАМАН»

БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СЫРЫ

«Жас маман» бағдарламасының басты мақсаты – Атырау облысындағы мектеп түлектерінің, соның ішінде негізінен зауыт жұмысшыларының балаларының арасынан кәсіпорынның сұранысына қажетті жоғары білікті кадрларды зауыт есебінен оқытып, дайындау және оларды оқу бітірген соң кепілді түрде жұмыспен қамту болып табылады.

Бағдарлама аясында ұйымдастырылатын конкурсқа Атырау облысы мектептерінің 11-сынып оқушылары, соның ішінде химия,



физика және математика пәндерінен үлгерімі «жақсы» және «үздік» деңгейдегі, сондай-ақ түрлі олимпиадаларда жеңімпаз атанған дарынды талапкерлер қатыса алады. Іріктеу барысындағы сұхбатасудан сәтті өткен жастармен арнайы шарт жасалып, зауыт олардың бірінші оқу жылының ақысын толық көлемде өтеп береді. Ал келесі курстарда оқу ақысын қаржыландыру тікелей студенттің үлгеріміне байланысты жалғасады. Бұл ретте басты талап – сынақ кітапшасында «қанағаттанарлық» деген бағаның болмауы шарт. Сонымен қатар, оқу орнында өте жақсы нәтиже көрсетіп, жоғары үлгерім байқатқан студенттерге семестр қорытындысы бойынша ай сайын 1 төменгі жалақы көлемінде арнайы шәкіртақы төленіп тұрады. Бағдарлама шеңберінде мамандар зауыт өндірісі үшін ең қажетті саналатын «Химиялық технология», «Мұнай-газ саласының машиналары мен жабдықтары», «Автоматизация және басқару», «Электр-энергетика» және «Жылу энергетикасы» сияқты негізгі бейінді мамандықтар бойынша даярланады.

«Жас маман» бағдарламасы 2003 жылдан бері табысты жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде бағдарлама түлектері зауыттың белді мамандарына айналды. Бұл – бағдарламаның шынайы өміршеңдігі мен тиімділігінің айқын дәлелі.

И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің түлегі, бүгінде ОЗЗ-ның сапа басқару бөлімінің 5-дәрежелі химиялық талдау зертханашысы болып еңбек ететін **Әсем Сәндіжанова** өз тәжірибесімен бөлісті: «Мектеп бітіретін жылы И.М. Губкин атындағы университет Атырау МӨЗ бағдарламасы аясында емтихан өткізетінін естідім. Алғашқы кезеңнен өткен соң, зауыттың оқу ақысын толық өтеп, соңынан кепілді жұмыс беретінін білдім. Ресейдің үздік мұнай-газ оқу орнында оқу және еліміздің алып зауытында қызмет ету мен үшін үлкен бақыт еді. Оқуды бітіре салысымен Орталық зауыт зертханасына зертханашы болып орналастым. 3-курста дәл осы жерде практикадан өткендіктен, бейімделу өте жеңіл болды. Тәжірибелік зертханалық жұмыстар маған таңсық емес еді, өйткені студент кезде де хроматографтармен және түрлі жабдықтармен тәулігіне 15-16 сағаттап жұмыс істейтінбіз.

Біздің жұмыста ұсақ-түйек дүние болмайды, әрбір талдау өте жоғары мұқияттылықты, жауапкершілікті талап етеді. Себебі бүкіл зауыт өнімінің сапасы мен тұрақтылығы осы зертханалық қорытындыға тікелей байланысты. Тәлімгерлеріміз кәсіби тұрғыдан өсуіме қосқан үлесі баға жетпес. Зауыт мені жұмыспен қамтып қана қоймай, жан-жақты дамуыма да үлкен септігін тигізді. Соның нәтижесінде 2025 жылы зауыт ішілік «Үздік маман» байқауында «Үздік химиялық талдау зертханашысы» номинациясын жеңіп алдым. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы арасында өткен «KMG Skills» кәсіби шеберлік конкурсында 2-орынға ие болып, жақында Атырау облысы өкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылған салалық хакатонда зауытымыздың командасымен бірге 1-орынды иелендік. Мақсатым – зертханалық талдаудың жаңа әдістерін меңгеріп, зауыттың дамуына үлес қоса беру», – дейді Әсем Нұрланқызы.

«Дуалды оқыту» мен «Жас маман» – бұл жай ғана әлеуметтік немесе білім беру жобалары емес, бұл – Атырау мұнай өңдеу зауытының тұрақты әрі сапалы болашағына құйылған тікелей инвестиция. Тәжірибе мен теорияның осындай озық жобалары арқылы зауыт жыл сайын өз ісіне шын берілген, өндірістік ортаға бейімделген жаңа буын мамандарын қалыптастырып келеді. Алдағы уақытта бұл бағдарламалар аясын кеңейтіп, талай жастың қанатын қатайта түспек.

МОЛОДОЙ СПЕЦИАЛИСТ

От стажера до инноватора

Два года – срок для нефтеперерабатывающей отрасли небольшой, но для оператора технологических установок УПНК ПКИС Рахимжана Рахимова, прикомандированного в Службу безопасности и охраны труда (БиОТ) Атырауского нефтеперерабатывающего завода, этот период стал временем профессионального становления, глубокого осознания ответственности и рождения амбициозных цифровых идей.

Знакомство Рахимжана с Атырауским НПЗ началось задолго до официального трудоустройства – с участия в престижной программе «Стажер АНПЗ».

«Тогда мы проходили комплексное обучение под руководством ветеранов завода и специалистов с огромным производственным опытом, – вспоминает Рахимжан. – Нас учили не просто профессии оператора, а детальному пониманию всей технологической цепочки предприятия. Поэтому, когда позже я уже пришел работать на завод, чувства были немного другими. Вместо волнения появилось чувство огромной ответственности. Я четко понимал, что станю частью большого коллектива, который обеспечивает бесперебойную работу одного из крупнейших нефтеперерабатывающих предприятий страны».

Заводская атмосфера для молодого сотрудника открылась прежде всего через людей, и этот первый опыт превзошел все ожидания: «Для меня атмосфера завода началась с людей. Я был приятно удивлен тем, насколько опытные специалисты открыты к молодым сотрудникам. Несмотря на десятки лет опыта, они всегда готовы объяснить, показать и поделиться своими знаниями. Именно благодаря такой преемственности поколений начинаешь понимать, что завод – это не только оборудование и технологии, но прежде всего люди».

А если бы нужно было объяснить суть этой сложной работы тому, кто вообще не связан с нефтепереработкой – например, маленькому ребенку? Рахимжан находит простые и точные слова: «Я бы сказал так: мы берем нефть и превращаем ее в полезные продукты, которыми люди пользуются каждый день. А моя задача – сделать так, чтобы этот сложный процесс работал безопасно, надежно и без остановок».

Работа в службе БиОТ не терпит беспечности. Самые ответственные и «адреналиновые» моменты здесь возникают в периоды проведения ремонтных кампаний или выполнения работ повышенной опасности, когда решения необходимо принимать мгновенно.

«Сегодня, работая в службе БиОТ, я понимаю, что иногда вовремя замеченное нарушение может предотвратить серьезное происшествие. Именно осознание этой ответственности и придает особую значимость нашей работе. А самое ценное, чему меня научили наставники, никогда не торопиться в ущерб безопасности. Они всегда говорили: хороший специалист отличается не скоростью выполнения работы, а умением заранее увидеть возможный риск и предотвратить его. Этому правилу я следую каждый день».

За два года работы в условиях реального производства Рахимжан научился самостоятельно принимать решения в рамках своей компетенции и полностью нести за них ответственность. Но, по его мнению, это не повод закрываться от чужого опыта: «Я считаю, что настоящий профессионал никогда не перестает советоваться с более опытными коллегами. Даже спустя годы работы всегда можно чему-то научиться. Взаимопонимание со старшим поколением сложилось очень легко. Я всегда уважал их опыт, поэтому с первых дней больше слушал, чем говорил. От них я научился практическому мышлению, внимательности к мелочам и спокойствию в любых ситуациях. Со своей стороны я стараюсь делиться современными цифровыми решениями, которые помогут сделать нашу ежедневную работу удобнее и эффективнее».

Будучи представителем «поколения технологий», молодой сотрудник активно внедряет в ежедневную практику цифровые инструменты и возможности искусственного интеллекта. Они помогают оперативно анализировать огромные массивы информации и существенно экономить время.

«Я убежден, что будущее промышленной безопасности связано с цифровизацией, – делится Рахимжан. – Сегодня я работаю над собственной концепцией "Smart BIOT" – цифровой системы, которая поможет автоматизировать проведение инспекций, анализировать нарушения, быстрее принимать решения и снизит влияние человеческого фактора. Мне хочется, чтобы



современные технологии стали надежным помощником каждого специалиста по безопасности. Но при этом я всегда придерживаюсь принципа: технологии должны помогать человеку, а не заменять профессиональные знания и опыт».

Связь с заводом не прерывается и за пределами проходной. Профессия накладывает свой отпечаток на восприятие окружающего мира, и это рождает чувство гордости: «Да, такие моменты действительно бывают. Когда в повседневной жизни видишь продукцию, которая производится из нефтепродуктов или просто наблюдаю, насколько многое вокруг нас связано с нефтепереработкой, невольно задумываюсь о том, какой большой путь проходит нефть, прежде чем стать частью нашей жизни. И в такие моменты появляется чувство гордости от того, что я работаю на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе и являюсь частью команды, которая ежедневно обеспечивает этот важный производственный процесс».

Даже свободное время Рахимжан использует для того, чтобы стать лучше в своей профессии: «Лучший отдых для меня – это спорт, прогулки и саморазвитие. Мне интересно изучать современные технологии, промышленную безопасность, читать профессиональную литературу и искать новые идеи, которые можно применить в работе. Считаю, что хороший специалист развивается не только во время рабочей смены».

Если бы о заводе снимали фильм, Рахимжан выбрал бы документальное кино с элементами художественного повествования, где главными героями стали бы простые труженики: операторы, инженеры, ремонтный персонал и специалисты по безопасности.

«Потому что именно люди ежедневно обеспечивают надежную работу сложнейшего производства, – подчеркивает он. – Себя я вижу одним из тех специалистов, кто соединяет производственный опыт с современными технологиями и помогает делать производство безопаснее. Через пять или десять лет я хочу оглянуться назад и понять, что за это время стал настоящим профессионалом своего дела. Для меня важно, чтобы мой опыт, знания и отношение к работе принесли пользу предприятию, а коллеги могли сказать, что на меня можно положиться. Если каждый день становится немного лучше, чем вчера, то и профессиональные вершины обязательно будут достигнуты».

В завершение беседы Рахимжан Рахимов адресовал важные слова тем, кто только делает первые шаги на АНПЗ: «Не бойтесь начинать с самого простого. Слушайте своих наставников, задавайте вопросы, проявляйте инициативу и никогда не думайте, что уже знаете достаточно. Самое главное – правила безопасности. Профессионалом становится не тот, кто работает быстрее всех, а тот, кто каждый день возвращается домой сам и помогает безопасно вернуться своим коллегам»

ЖАСТАР

Атырау МӨЗ белсендісі «BasQosu+» жобасында

Атырау облысының Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Villa Felicita» демалыс орталығында «BasQosu+» жобасы өтті. Өңірдің ең белсенді 70 жасын бір арнаға тоғыстырған бұл ауқымды шараға Атырау мұнай өңдеу зауытынан технологиялық қондырғы операторы Сағатжанов Нұратхан Қуатұлы қатысты.

Аталмыш жобаның басты ерекшелігі – бұл жарыс немесе байқау емес, керісінше, өңірдегі түрлі сала өкілдерінің өзара пікір алмасып, жаңа байланыстар ор-

ұласты. Түскі астан кейін жастарды жаңа форматтағы нетворкинг ойыны – «Көшбасшылар бингосы» (People Bingo) күтіп тұрды. Ойын барысында әр саланың мамандары



натуына арналған еркін алаң. Біздің зауыт атынан маңызды жиынға қатысып келген Нұратхан Сағатжанов бұл шараның маңыздылығын жоғары бағалап, кездесудің жаңа идеяларға жол ашқанын жеткізді.

– Бұл шараға әр мекемеден тек бір қатысушыға квота берілді. Осындай бейресми кездесуге зауыттан жолдама алып, кәсіпорынның жастар кеңесінің атынан қатысу мен үшін өте қызықты тәжірибе болды. Бүгін мен театр актерлерімен, мұғалімдермен, жастар орталығының мамандарымен, бишілермен, маркетинг-мен, жөндеумен және өзге де кәсіпорын мамандарымен танысып, ортақ қызығушылықтарымызды таптым, – дейді ол.

Бір күнге жоспарланған жиын бағдарламасы жан-жақты қамтылып жасақталған. Шара дәмді таңғы аспен басталып, көп ұзамай қатысушылардың өзара таныстығы мен командалық рухын арттыруға бағытталған спорттық ойындарға

өздерінің ерекше қасиеттері мен кәсіби тұстарын аша түсті.

Форумның ең нәтижелі әрі мазмұнды кезеңі «Мүмкіндіктер қабырғасы» әдістемесіне арналды. Бұл интерактивті алаңда қатысушыларға еркіндік беріліп, олар өздерінің қалаулары мен мүмкіндіктерін ашық бөлісті.

– Маған ең қатты ұнағаны және асыға күткенім де осы «Мүмкіндіктер қабырғасы» әдістемесі болды. Бұл жерде өзіңнің өз қалауы мен мүмкіндігің ашық жазды. Нәтижесінде біз түрлі сала жастарымен пайдалы ресурстар алмасып қана қоймай, болашақта бірлесе атқаратын ортақ жобалардың жоспарын құрдық, – дейді Нұратхан.

Жастар жиналған басқосудың соңында қатысушыларға арналған кешкі ас беріліп, шара туралы ой-пікірлерді ортаға салу үшін арнайы сауалнама жүргізілді. Бір күн ішінде жастар тек жақсы демалып қана қоймай, өзара кәсіби және достық байланыс орнатып үлгерді.



ДЕМАЛЫС

Атырау МӨЗ бүлдіршіндерінің ұмытылмас жазы



Жаз – балалар үшін асыға күтетін ең қызықты әрі ұмытылмас демалыс мезгілі. Атырау мұнай өңдеу зауыты жыл сайын қалыптасқан игі дәстүр бойынша өз қызметкерлерінің балаларына уақытты тиімді де танымды өткізуге мүмкіндік жасап келеді. Биылғы жазғы маусым да зауыт бүлдіршіндері үшін ерекше оқиғалар мен жарқын сәттерге толы.

Ағымдағы жылдың маусым және шілде айларының қорытындысы бойынша зауыт қызметкерлерінің 205 баласы жазғы демалысын жоғары деңгейде өткізіп үлгерді. Ал алдағы уақытта тағы да бірнеше ауысыммен бүлдіршіндерді лагерьге жөнелту жоспарланған. Жалпы алғанда, биылғы маусымда зауыт есебінен барлығы 343 баланы жазғы сауықтыру демалысымен толық қамту көзделіп отыр.

Биылғы жылы зауыт балалары еліміздің ең көрікті аймақтарының бірі – Алматы облысында орналасқан, заманауи үлгідегі және табиғаты көркем «Ақ бұлақ» балалар сауықтыру орталығына аттанды. Іле Алатауының баурайындағы таза ауа, зәулім шыршалар мен тау бөктеріндегі ерекше климат балалардың денсаулығын нығайтып, сергек болуына септігін тигізуде.

Бүлдіршіндердің қауіпсіздігі мен жайлылығы зауыт әкімшілігі үшін ерқашан бірінші орында. Осы ретте трансфер мәселесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Олар Атыраудан Алматыға қарай еліміздің жетекші өуе компаниясы «Air Astana» ұшақтарымен қауіпсіз әрі жылдам жеткізілді. Өуе сапары кезінде де, лагерь аумағында да балалардың қауіпсіздігіне баса назар аударылады.

Биылғы жазғы маусымның бағдарламасы өте бай әрі жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ұйымдастырушылар күнделікті кестені балалардың интеллектуалдық, физикалық және шығармашылық тұрғыдан дамуына бағыттаған. Демалыс күндерінің бағдарламасына өуе шарларымен ұшып, айналы биіктен тамашалау, ат спорты негіздерімен танысып, атпен серуендеу, аспалы арқан жолымен экскурсия жасап, таудың тыл-



сым үңгірлеріне танымдық жорықтар ұйымдастыру сияқты қызықты шаралар енгізілген. Сондай-ақ «Қолданбалы өнер» үйірмелерінде балалар өз қолдарымен қолжетімді заттардан ерекше көйлектер мен бұйымдар жасап, сән үлгісі мен өз шығармашылықтарын ортаға сала алады. Ал ұлдар үшін «ЛИГА АБ» футбол, волейбол турнирлері мен бассейндегі су спорты ойындары өткізіліп тұрады.

Балалар демалысын ұйымдастыру жыл сайын жетіліп келеді. Биылғы маусымның басты ерекшелігі – демалыс бағдарламасының барынша

өртараптандырылуында және танымдық экскурсиялардың көптігінде. Балалардың тек лагерь ішінде шектеліп қалмай, Алматының табиғатымен тереңірек танысуына мүмкіндік берілген.

Жазғы маусым әлі де жалғасуда. Алдағы уақытта тағы да бірнеше зауыт бүлдіршіні ғажайып демалысты бастан өткермек. Атырау МӨЗ әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті зауыт жұмысшыларының отбасылық әл-ауқаты мен балалардың бақытты балалық шағын қамтамасыз ету жолындағы әлеуметтік жобаларды алдағы уақытта да белсенді қолдай бермек.



«АМӨЗ ӘЛЕМІ» басылымы №14.
24 шілде 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4601.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Калимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертеев.
Редакторлар – Ж. Бисенова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18ВР00088072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

АМӨЗ ӘЛЕМІ